

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ЗАҢНАМА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ АҚПАРАТ
ИНСТИТУТЫНЫҢ ЖАРШЫСЫ
ҒЫЛЫМИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖУРНАЛЫ
ISSN 2788-5283
eISSN 2788-5291
TOM 81, НӨМІРІ 1(2026), 39-50

ЭОЖ 342.39
FTAMP 10.07.00
DOI 10.52026/2788-5291_2026_81_1_39
Ғылыми мақала

© Б. Ахмет^{1*}, Х. Бажай², 2026

^{1,2} М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, Петропавл, Қазақстан
(e-mail: 'bekaahmetova@gmail.com; ²huandagbazhay@gmail.com)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРҒЫ СОТЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҰСТАНЫМДАРЫНЫҢ МӘНІ, ҚҰҚЫҚТЫҚ БЕЛГІЛЕРІ

Аннотация. Мақалада Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының құқықтық ұстанымдарының мәні, құқықтық табиғаты, қалыптасу тетіктері және құқықтық жүйедегі орны жан-жақты қарастырылады. Жоғарғы Соттың құқықтық ұстанымдары – құқық нормаларын қолдану мен түсіндірудің негізі ретінде сот практикасының бірізділігін қамтамасыз ететін маңызды құқықтық феномен ретінде сипатталады. Автор құқықтық ұстанымның негізгі белгілерін: нормативтік негізділігі, міндеттілігі, жалпыға ортақ қолданылуы, тұрақтылығы және нормативтік актілерді толықтырушы сипатын атап өтеді. Зерттеу барысында құқықтық, теориялық-құқықтық және салыстырмалы әдістер қолданылып, Қазақстан мен Ресей соттарының тәжірибесі салыстырмалы түрде талданған. Құқықтық ұстанымдардың жіктелуі мен түрлеріне тоқтала отырып, олардың сот шешімдерінде, нормативтік қаулыларда, ақпараттық хаттарда және судьялардың ерекше пікірлерінде көрініс табатыны көрсетіледі. Сонымен қатар, құқықтық ұстанымдардың доктриналық, нормашығармашылық және құқық қолдану салаларындағы рөлі талданады. Мақалада құқықтық ұстанымның тек құқық қолдану құралы емес, сонымен бірге құқықтық идеяларды жүйелеу және заңнаманы жетілдіру тетігі ретіндегі маңызы атап өтіледі. Автор құқықтық ұстанымдардың логикалық, тілдік және философиялық аспектілерін де саралап, олардың құқық қолдану шешімдеріне ықпалын негіздейді. Жоғарғы Соттың құқықтық ұстанымдарын жүйелеу мен дамыту сот практикасының сапасын арттыруға және құқық үстемдігін нығайтуға елеулі үлес қосатыны баса көрсетіледі.

Түйінді сөздер: құқықтық ұстаным; сот практикасы; нормативтік қаулы; сот төрелігі; құқықтық тұрақтылық; салыстырмалы құқық; доктриналық ұстанымдар; заңнаманы түсіндіру; судьяның ерекше пікірі; сот шешімдері.

Кіріспе

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты құқықтық жүйенің негізгі институттарының бірі ретінде сот төрелігін жүзеге асырудың жоғары органы болып табылады. Оның құқықтық ұстанымдары сот тәжірибесінің бірізділігін қамтамасыз етіп қана қоймай, оны әрі қарай дамытудың маңызды институционалдық тетігі ретінде қызмет етеді.

Жоғарғы Соттың құқықтық ұстанымы – бұл сот актілерінде, нормативтік қаулыларда және ресми түсіндірмелерде көрініс табатын, құқық нормаларын қолдану мен түсіндірудің қағидаттарын айқындайтын құқықтық позициялар жүйесі.

Олар:

- сот шешімдерінің негізін құрайтын қағидалар мен ережелер;
- құқықтық олқылықтарды толық-

тыруға және нақтылауға бағытталған түсіндірмелер;

- бірыңғай сот практикасын қалыптастыруға мүмкіндік беретін құқықтық құралдар.

Жоғарғы Сот қалыптастыратын құқықтық ұстанымдар бірнеше маңызды функция атқарады:

- құқықтық тұрақтылықты қамтамасыз етіп, түрлі сот сатыларында құқықты біркелкі қолдануға жағдай жасайды;

- соттардың әділетті әрі заңға сәйкес шешім қабылдауына ықпал етеді, өйткені төменгі соттар белгіленген құқықтық ұстанымдарды басшылыққа алады;

- заңнаманы жетілдіруге әсер етеді: құқықтық нормалар жеткіліксіз болған жағдайда практикалық шешімдер арқылы құқықты нақтылайды;

- құқықтық жүйенің болжамдылығын арттырады, азаматтар мен ұйымдарға

* хат-хабарларға арналған автор. E-mail: bekaahmetova@gmail.com.

өз құқықтары мен міндеттерін дұрыс түсінуге мүмкіндік береді.

Жоғарғы Сот құқықтық ұстанымдарының негізгі құқықтық белгілері мыналар:

- нормативтік құқықтық негізділігі: Қазақстан Республикасының Конституциясы, қолданыстағы заңдар және Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары арасында қайшылық болмауы керек;

- міндеттілік сипаты: азаматтық процестік және қылмыстық-процестік кодекстерінде Жоғарғы Соттың қаулыларының міндеттілігі бекітілген, сондықтан олар соттар үшін құқықтық бағдар болып табылады;

- жалпыға ортақ қолданылуы: құқықтық ұстанымдар тек соттарға ғана емес, құқық қорғау органдарына, мемлекеттік органдар мен жеке тұлғаларға да құқықтық бағдар береді;

- тұрақтылық және ұзақ мерзімділік: құқықтық ұстанымдар құқықтық жүйеде ұзақ уақыт бойы қолданылып, жүйенің сенімділігі мен болжамдылығын нығайтады;

- нормативтік актілерді толықтырушы сипат: заңнамада анық тұжырымдалмаған немесе толық емес жағдайларда сот ұстанымдары құқықты қолдану процесін нақтылайды.

Жоғарғы Сот құқықтық позициялары негізінен төмендегідей тетіктер арқылы қалыптасады:

- нормативтік қаулылар (Жоғарғы Соттың жалпы отырысы сот тәжірибесін жүйелеу және құқық нормаларын түсіндіру мақсатында қабылдайды);

- сот актілерін жүйелеу (сот практикасының бірыңғай үлгісін қалыптастыру);

- сот тәжірибесін талдау – нақты істерге талдау жасау арқылы құқықтық ұстанымдарды айқындау.

Құқықтық ұстанымдар әртүрлі құқық салаларында көрініс табады. Мысалы:

- қылмыстық құқықта (кінәсіздік презумпциясы, жазаны даралау қағидасы);

- азаматтық құқықта (шарт еркіндігі, зиянды өтеу міндеті);

- әкімшілік құқықта (әкімшілік жазалардың әділеттілігі және құқықтарды негізсіз шектемеу қағидаты).

Құқықтық ұстанымдар – құқықтың «жанды» түрі, яғни құқық нормаларын нақты өмірлік жағдайларға бейімдеп қолданудың көрінісі. Ал құқықтық нормалар-

дың өзі – бұл логика мен тіл тұрғысынан қалыптасқан, заң мәтінінде бекітілген құқықтық құрылым. Осы нормаларды іске асыру, яғни оларды қолдану – нақты әлеуметтік жағдайлар, идеологиялық өзгерістер мен экономикалық процестерге тәуелді күрделі құқықтық әрекет. Бұл процестер құқық қолдану сапасына тікелей әсер етіп, құқықтық ұстанымдардың мәнін арттыра түседі.

Әдістер мен материалдар

Зерттеуде құқықтық талдау, салыстырмалы және теориялық-құқықтық әдістер қолданылды. Негізгі зерттеу объектісі – Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары мен сот актілеріндегі құқықтық ұстанымдар. Эмпирикалық негіз ретінде 2000-2024 жылдар аралығындағы Жоғарғы Соттың қаулылары мен ақпараттық хаттары, құқық қолдану тәжірибесіне арналған ғылыми еңбектер, Ресей Конституциялық Сотының тәжірибесіне қатысты зерттеулер және ҚР Конституциясы мен процестік кодекстер пайдаланылды. Салыстырмалы әдіс арқылы Қазақстан мен Ресейдің сот практикасындағы құқықтық ұстанымдардың ерекшеліктері талданды. Құқық философиясы мен жалпы құқық теориясы саласындағы ғылыми еңбектер теориялық негіз ретінде қолданылып, нақты істер бойынша құқықтық ұстанымдардың мазмұны мен салдары зерттелді.

Нәтижелер мен талқылаулар

Құқықтық ұстанымдар, әсіресе сот практикасына негізделген ұстанымдар – құқықтың нақты қолданылуын сипаттайтын, «тірі құқық» феномені ретінде көрініс табады. Бұл олардың ғылыми зерттеуді қажет ететін маңызды құқықтық категория екенін дәлелдейді. «Құқықтық ұстаным» ұғымы заң ғылымында салыстырмалы түрде кейінірек қалыптасты және соңғы жылдары ғана ресейлік құқықтану саласында теориялық талдаудың нысанына айнала бастады. Зерттеушілердің пікірінше, бұл категорияның дамуы Ресейдің Конституциялық Сотының құқықтық ұстаным қалыптастырудағы рөліне және құқық қолдану практикаларына тікелей байланысты екенін көрсетеді. Осыған байланысты, Ресей Конституциялық Соты құқықтық ұстанымы ұғымы ресейлік құқықтық доктринада ерекше назарға ие

болып, терең ғылыми зерттеулердің пәніне айналып отыр. Мысалы: Н.В. Витрук «Конституционное правосудие. Судебно-Конституционное право и процесс» [1]; О.Н. Кряжкова «Правовые позиции Конституционного Суда Российской Федерации: вопросы теории и практики» [2]; Н.С. Волкова, Т.Я. Хабриева «Правовые позиции Конституционного Суда и парламент» [3]; С.А. Кажлаев «Генезис и способы универсализации правовых позиции Конституционного Суда РФ» [4] және т.б. еңбектерді атауға болады. Жалпы құқық теориясы шеңберінде құқықтық ұстанымдарды зерделеу бағыты алғашқылардың бірі болып В.М. Баранова мен В.Г. Степанкова еңбектерінде көрініс тапты [5]. Авторлар құқықтық ұстанымды жалпы теориялық ұғымдар қатарына жатқызады және оны құқық құбылыстарының кең ауқымына қатысты түрде қарастыру қажеттігін атап көрсетеді [5, с. 35]. Ю.А. Тихомировтың пікірінше, құқықтық ұстаным – бұл конфликтілік жағдайларда қайталанып жасалатын әрекеттер мен олардың бағасы. Яғни, құқықтық ұстанымдар жанжалды жағдайларға тән құбылыс болып, заңды істерді шешудегі тұрақтылық пен жүйелілікті қамтамасыз етеді [6, с. 73]. В.А. Туманов құқықтық ұстанымдар құбылысына қатысты сақтық танытады. Ол бұл ұғым құқықтық доктринада салыстырмалы түрде жақында қалыптасқанымен, әлі де нақты әрі жалпы қабылданған анықтамасы жоқ деп есептейді. Құқық қолдану тәжірибесінде құқықтық ұстанымдар нақты істерді қарау барысында қалыптасып, жекелеген істер санаттары бойынша әзірленген құқықтық түсініктер мен нормаларды тұрақты түрде қолдану арқылы нығаяды [7, с. 106-107]. Құқықтық ұстанымдардың құқықтық табиғатын теориялық тұрғыдан талдау негізінен конституциялық-құқықтық ғылым өкілдері тарапынан жүргізілді. Жоғарыда аталған пікірлер бұл бағыттың айқын көрінісі болып табылады. Көптеген конституциялық құқық сарапшылары бұл құбылысты Ресейдің Конституциялық Соты шешімдерімен қалыптасқан құқықтық дәлелдемелердің жүйесі тұрғысынан талдайды. Осындай ұстанымдар Ресей Федерациясы Конституциялық Соты туралы заңына берілген түсініктемелерде де көрініс табады [8].

Осы бағыттағы ұқсас пікірді Л.В. Лазарев те білдіреді. Ол сот шешім-

деріндегі құқықтық ұстанымды Ресей Федерациясының Конституциялық Сотының шешімдеріне негізделген конституциялық-құқықтық қағидаттар мен нормаларды түсіндіру арқылы құқықтық дәлелдер жүйесіне айналған құбылыс ретінде қарастырады [9, с. 9].

М.С. Саликов Ресей Федерациясының Конституциялық Сотының шешімдеріне негізделген құқықтық ұстаным мен дәлелдер жүйесін айыруға ұмтылды. Ол құқықтық ұстанымды нақты істерді қарау барысында қалыптасқан тұжырымдар мен дәлелдер жүйесі ретінде түсінеді. Бұл ұстанымдар екі түрге бөлінеді: жалпы сипаттағы – кейінгі істерде ұқсас мәселелерді шешуге қажетті және қолайлы, және міндетті сипаттағы – Ресей Федерациясының Конституциялық Сотының шешімдерімен заңдық тең құқыққа ие [10, с. 177]. В.А. Кряжков сот-құқықтық ұстанымды Ресей Федерациясының Конституциялық Сотының шешімдерінде көрінетін маңызды конституциялық-құқықтық құбылыстарға қатысты түсінік ретінде қарастырады [11]. В.И. Анишина да осы тұрғыда пікір білдіріп, Ресей Федерациясының Конституциялық Сотының құқықтық ұстанымдары дегеніміз – сот шешімдерінде айқындалған және сот шешімінің интеллектуалдық-құқықтық мазмұнын құрайтын белгілі бір құқықтық мәселелерге қатысты көзқарас деп есептейді [12]. Е.А. Николаев соттың құқықтық ұстанымын «Ресей Федерациясының атынан жарияланған, алғышарттарына логикалық негізде алынған және сот құрамы үшін шешім қабылдауда жеткілікті негіз болып табылатын келісілген қорытынды» ретінде қарастырады [13, с. 17]. Н.В. Витрук құқықтық ұстанымды Конституциялық Соттың Ресей Федерациясының Конституциясын түсіндіру нәтижесінде туындайтын құқықтық қорытындылар мен ұсыныстар деп сипаттайды. Бұл ұстанымдар конституциялық-құқықтық жағдайларда белгісіздікті жоятын және Конституциялық Соттың түпкілікті шешімдерінің негізін құрайтын нормалар болып табылады [14, с. 95]. Ресей Федерациясының Конституциялық Сотының құқықтық ұстанымына қатысты әдебиеттерде басқа да нақты анықтамалар бар. Мысалы, Б.А. Страшун құқықтық ұстанымды заң шығарушы мен құқық қолданушы үшін жалпыға бірдей міндетті нұсқама лар деп қарастырады [15, с. 82-90].

Н.С. Бондарь Ресей Федерациясының Конституциялық Сотының құқықтық ұстанымдарын оның шешімдеріндегі нормативтік қағидаттар ретінде қарастырады [16, с. 60]. Л.В. Власенко құқықтық ұстанымды құқықтық сипаттағы логикалық-тілдік құбылыс ретінде қарастырады, оның негізін тұжырымдар мен қорытындылар құрайды [17, с. 11].

Осылайша, қазіргі заң әдебиетінде құқықтық ұстанымның, оның ішінде жалпы сот және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының құқықтық ұстанымының мәні туралы біржақты пікір қалыптаспағаны байқалады.

Қолда бар әдебиеттерді талдау нәтижесінде, құқықтық ұстаным көбіне құқық қолданудағы шешімдерімен, әсіресе сот шешімімен байланысты және мотивациялық дәлелдер жүйесі ретінде қарастырылатыны анықталды. Бұл түсінік кең тарағанымен, құқықтық ұстаным категориясы тек дәлелдер жүйесінен әлдеқайда кең мағынаға ие. Философиялық тұрғыдан ұстаным – белгілі бір қағидат немесе бастама ретінде қаралып, оған сәйкес құқықтық нормалар бекітіліп, орныққан деп түсіндіріледі [18].

«Құқықтық ұстаным» ұғымының теориялық негізі нақты жағдайларды құқықтық шешуге бағытталған идеялар мен қағидаттар, сондай-ақ оларға сүйенген құқықтық мотивтер ретінде қарастырылуы тиіс. Құқықтық нормалардың басты ерекшелігі – негізінен құрылымдақ мазмұнынан көрінеді. Оларда құқықтық реттеуді талап ететін нақты деректер белгілі бір қағидаттарға сәйкес жүйеленеді. Белгілі бір қатынастар бұрыннан белгілі құқықтық нормалармен реттелген кезде де, оларды үнемі жетілдіру қажеттілігі туындап отырады. Құқықтық позицияның қисынды логикасы нақты бір фактілер мен мотивтерге, сол сияқты құқықтық тұрғыдан реттеу идеясына негізделеді. Құқықтық ұстаным – ең әуелі заңгердің психикалық әрекетінің нәтижесі тұрғысынан көрінетін жалпы құқық теориясының тұжырымдамасы.

Оның негізінде құқықтық мәселені шешуге арналған қағидаттар мен ұсыныстар (гипотезалар, болжамдар) жатыр. Прагматикалық тұрғыдан құқықтық ұстаным адамның нақты шындыққа қатысты көзқарасын қалыптастыратын философиялық категория болып табылады.

Құқықтық ұстаным тұрасында ой-

ымызды қорытындыласақ, бұл – нақты шындықты құқықтық тұрғыдан реттеу арқылы бағалау негізіндегі дәлелдер мен тұжырымдар және ұсыныстардың жиынтығы. Яғни, құқыққа, құқықтық нормаға немесе заң арқылы реттелетін қатынастарға қатысты логикалық-құқықтық құрылым деп түсіндірілуі тиіс.

Құқықтық ұстаным күрделі әрі көп қырлы құбылыс болып табылады, және оның заң әдебиетінде салыстырмалы түрде жаңа ұғым екенін ескере отырып, оны жіктеу мен түрлерін бөлу мәселелері де қиындық тудырады.

Құқықтық позицияларды жіктеудің негізі ретінде құқықтық жүйелер мен оның құрамдас бөліктері қарастырылады. Қоғамның құқықтық жүйесінің құрылымы туралы әр түрлі көзқарастар бар. Алайда кейбір ғалымдар оны заң шығарушы және оны орындаушы органдар, заңтану ғылымы және құқықтық сана сияқты компоненттерден тұрады деп санайды [19, с. 55-64].

Нормашығармашылық құқықтық ұстанымдар – құқықтың қалыптасуы мен заң шығарумен тікелей байланысты құбылыс. Құқық қалыптасуы барысында жаңа құқық нормалары енгізіліп, қолданыстағылары өзгертіледі немесе жойылады. Ал, бұл процесс нормативтік құқықтық актілерді дайындау мен қабылдаумен аяқталады. Құқықтық ұстанымдар осы бір қалыптасу кезеңдерінде де, заң шығаруда да көрініс табады. Олардың ортақ мақсаты нақты қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеу. Заң шығарушы немесе бастамашы субъект кез-келген қатынастарды құқықтық реттеу қажеттілігі тұрғысында өзіндік ұстанымдарын білдіре алады; бұл ұстаным жеке немесе ұқсас пікірлермен бәсекелес болуы мүмкін. Құқықтық ұстаным заң шығаруда – бір идеяға негізделген, өзара байланысты нормалар жүйесі ретінде қарастырылады.

Құқықтық ұстаным заң жобасының тұжырымдамасы ретінде көрінуі ықтимал, мұнда оның барлық негізгі сипаттары айқын байқалады. Тұжырымдама – бұл көзқарастар жүйесі, біртұтас түсінік, негізгі идеяны және сындарлы қағидатты айқындайтын құрылым болып табылады [20, с. 278].

Заң жобасының құқықтық ұстаным ретінде қарастырылуы нақты жағдайды шешуге бағытталған ұсыныс, идеал-

дық үлгі және құқықтық құрылымды білдіреді. Заң жобасының тұжырымдамасы құқықтар мен міндеттердің, өкілеттіктер мен жауапкершіліктердің еріксіз әрі мұқият үйлестірілген дизайны болып табылады және болашақ құқықтық қатынастардың үлгісін құрайды. Құқықтық ұстанымның сапасы мен нақтылығы заң жобасының тиімділігін анықтайтын маңызды фактор болып табылады.

Құқықтық ұстанымдар бірнеше заң жобасының тұжырымдамасында көрініс табуы мүмкін және олардың дизайнерлары бір-бірімен қайшылыққа түсуі ықтимал. Мұндай жағдайда құқықтық жағдайға басымдықты өкілді, яғни заң шығарушы орган анықтайды. Нормативтік құқықтық актінің тағдыры оның құқықтық ұстанымының болашағын анықтайды.

Бұл тұрғыда заң жобасы мен оның тұжырымдамасы өзара тығыз байланысты болғанымен, бірдей ұғымды білдірмейді. Тұжырымдаманың негізі аталған заң жобасының идеясы. Ол идеяны тезистер мен пайымдаулар жүйесіне кеңейтіп, нақтылап береді.

Негізінен идея құқықтық ұстанымның техникалық құралы әрі негізі болып саналады. Н.И. Витруктің көзқарасы бойынша заң шығарушының құқықтық ұстанымдарының бар болуы мен олардың өзара бәсекелестік сипатын атап өтеді. Ол өз көзқарасын былай көрсетеді: «... Ресей Федерациясы Конституциялық Сотының құқықтық ұстанымдары заңды күші бойынша Ресей Федерациясының Конституциясына тең. Осы себепті Ресей Федерациясы Конституциялық Сотының құқықтық ұстанымдары заңды түрде міндетті, яғни Ресей Федерациясының Конституциясын түсіндіретін шешімдерде тұжырымдалған және басқа шешімдердің қарар бөліктерінде қамтылған және кеңес беру сипатындағы, «заңды түрде басшылыққа алатын және үйлестіретін» құқықтық ұстанымдарға бөлумен келісу мүмкін емес. Шынында да, құқықтық ұстанымдар бағдар бола алады, бірақ бұл критерий заң шығарушы және құқық қорғау органдары үшін міндетті» [1, с. 119].

Құқықтық ұстаным – көпфункционалды құбылыс және қазіргі қоғамның демократиялылық деңгейінің маңызды көрсеткіші. Ол тек құқық қолдану, әсіресе сот қызметінің мәселесі ғана емес, сонымен бірге құқықтық жүйенің және құқық прак-

тикасының дамуы нәтижесінде қалыптасқан нормативтік феномен.

Доктриналдық құқықтық ұстанымдар тұрғысынан құқықтық жүйе – салыстырмалы дербес өмір сүретін және өзара байланысты құқықтық құбылыстар жиынтығы. Оның құрамдас бөлігі ретінде құқықтық ғылым ғылыми білім өндіру мен көбейтуге, сондай-ақ қоғамдағы саяси-әдістемелік міндеттерді орындауға бағытталған ерекше саланы білдіреді. Құқықтық ұстанымдар осы ғылыми білім қалыптасуының негізі болып табылады. Заңгер ғалымдардың немесе құқықтық қауымдастықтардың ұстанымдары – дәлелді, негізделген пікірлер ретінде жаңа білім мен тәжірибені дамытуға ықпал етеді.

Құқықтық ұстанымдар кейде қателесуі де ықтимал, не болмаса уақыт ағымына байланысты өзгеруі мүмкін. Алайда, конъюнктуралық жалған ұстанымдар элеуметтік қауіп тудыратындығын ескеруіміз керек.

Заң ғылымындағы құқықтық ұстанымдар кәсіби құқықтық сананың құрамдас бөлшегі ретінде философиялық, идеологиялық және арнайы құқықтық білімдер негізінде қалыптасқан құқықтық ұғымды білдіреді. Оның негізгі қайнар көзі – ғылыми кәсіби сана. Ол қоғамның құқықтық жүйесін дамытудағы маңызды фактор болып табылады.

Құқық қолдану – уәкілетті мемлекеттік немесе муниципалдық органдардың белгілі бір заңды істі қарау және шешім қабылдау арқылы жүзеге асатын билік функциясы. Бұл үдерісте құқық қолданушының құқықтық ұстанымы шешім қабылдаудың негізі ретінде түсіндіріледі. Осы тұрғыдан құқық қолдану түрлері мен құқықтық ұстанымдардың арасындағы өзара байланыс ерекше мәнге ие. Құқық қолданудың негізгі түрлері соттық, басқару және әкімшілік болып жіктеледі [1, с. 271].

Сот құқықты қолдану барысында адресаттардың еркіне тәуелсіз, тек заңға және ішкі сеніміне сүйене отырып шешім қабылдайтын билік субъектісі ретінде әрекет етеді. Судьяның заңды мәселені шешуге жеке мүддесі болмайды. Дегенмен, түрлі істерді қарау барысында біріздендіру механизмдері қолданылады, мысалы, Жоғарғы Соттың ақпараттық хаттары. Соттың құқықтық ұстанымдары күрделі жағдайлар мен нақты құқықтық

нормаларға және тәжірибеге тәуелді түрде қалыптасады.

Басқарушылық құқық қолданудың (немесе қызметтік құқық қолданудың) ерекшелігі – шешім қабылдаушы мен оның бағыныштысы арасында билік пен бағыныштылық қатынасы бар. Құқық нормасын қабылдайтын субъект әрекеттің нәтижесіне мүдделі болып, оның ресми ұстанымы осы билікке негізделеді. Мұнда құқық қорғау органдарының құқықтық табиғаты жедел басқару мен қызметтік қатынастарға сәйкес анықталады.

Ал, әкімшілік құқық қолданудың ерекшелігі – субъектілер арасында ұйымдастырушылық не болмаса қызметтік қатынастардың жоқтығымен айырықшалануы. Құқық нормасын қабылдайтындар ретінде азаматтар немесе ұйымдар танылуы мүмкін. Бұл үдерістің рәсімі мен тәртібі заңмен реттеледі. Әкімшілік шешімдер көбінесе мемлекеттік тараптан құқықбұзушылықтарға қарсы ұстанымды білдіреді. Яғни құқықтық ұстанымдар мемлекет органдарының заңға қайшы әрекет немесе әрекетсіздікке қатысты көзқарастарды білдіреді.

Құқық қолдану бойынша құқықтық ұстанымдар мазмұнына қарай төмендегіше жіктеледі:

- жеке құқықтық ұстанымдар (нақты сот ісі бойынша қабылданған шешімдер. Мысалы, әкімшілік жауапкершілікке тарту туралы шешімдер, сот үкімдері);

- стандартты құқықтық ұстанымдар (құқықтық нормаларды белгіленген тәртіпте қолдану нәтижесінде қалыптасқан құқықтық ұстанымдар. Мысалы, белгілі бір категориядағы істер бойынша сот тәжірибесі);

- ресми түсіндірудегі құқықтық ұстанымдар (Жоғарғы Сот Пленумының қаулылары сияқты актілерде нақтыланған ұстанымдар);

- құқық қорғау қызметкерлерінің ерекше пікірі түріндегі құқықтық ұстанымдар (сайлау комиссиясының мүшелері, судья).

Құқық қолданудағы шешім – бұл күрделі құқықтық әрекет, бұның негізін логикалық ойлау құрайды. Мұндағы әрбір шешімнің түпкі негізінде құқық қолдану ұстанымдары жатқанын көреміз. Ұстанымдар ұқсас жағдайларда типтік болып келеді, себебі бірдей құқықтық нормалар қолданылады.

Дегенмен, бірдей нормаларды қол-

дану әрқашан бірдей шешімге әкелмеуі мүмкін, кейде қайшылықты шешімдер туындауы ықтимал. Мұндай жағдайлар заң практикасының біртұтастығы мен құқықтық үрдістің келісімділігі қағидаттарына үйлеспейді. Сол себепті құқық қолданушы ұстанымдары бірыңғай әрі өзара үйлесімді болуы керек. Құқықтық ұстанымдар ресми түсіндіру актілерде де көрініс табады [21]. Жоғарғы Сот, Қаржы министрлігі және басқа билік органдары құқықтық нормаларды түсіндіруде белсенді рөл атқарады. Мұндай ұстанымдарды интерпретациялық құқықтық ұстанымдар деп атайды. Құқық қолданушылардың ерекше пікірі ресми құқықтық ұстаным ретінде қарастырылуы тиіс, ең алдымен судьялардың ерекше пікірі туралы айту қажет. Дегенмен, құқық қолдануда ерекше пікір институты тек судьяларға ғана тән емес. Бұл пікірлер заң нормаларын түсіндіру және қолдану тұрғысынан ресми сипатқа ие болады.

Ресми түсіндіру құқықтық ұстанымдардың мәртебесі мен орнын айқындауда маңызды рөл атқарады [22]. Мысалы, Салық кодексінің кейбір баптарына сәйкес, Қаржы министрлігі салық заңнамасын түсіндіруге құқылы, және оның түсіндірмелері құқықтық ұстанымдар ретінде жинақталады. Заң практикасында, атап айтқанда сот тәжірибесінде «Қаржы министрлігінің құқықтық ұстанымы» термині кеңінен қолданылады. Алайда, Қаржы министрлігінің түсіндірмелерін тәуелсіз құқық көзі ретінде қабылдауға қатысты пікірлер әртүрлі; көбіне олар ресми түсіндірудің бір нысаны болып саналады.

Сонымен қатар, басқа ведомстволардың да ресми түсіндіру құқығы бар. Бұлардың құқықтық ұстанымдары негізінен басқарушылық сипатқа ие болады. Сондықтан басқарушылық құқық қолдану түріне жатады. Ресми ұстанымдардан басқа бейресми ұстанымдар да бар. Олар нақты бір құқық қолдану шешімдеріне тікелей қатысты болмауы да мүмкін. Дегенмен, құқық қолдану практикасына өзіндік ықпалы болады. Ондай ұстанымдар ғылыми, ғылыми практикалық немесе кәсіби біліктіліктері жоқ деңгейде болуы мүмкін. Олардың құқықтық реттеудегі рөлі елеулі, себебі олар заң нормаларын түсіндіру және қолдану жөніндегі пікірлерді білдіреді.

Құқықтық ұстанымдар – заң ғылымында толық зерттелмеген күрделі

құбылыс болып табылады. Логикалық-лингвистикалық тұрғыдан олар – белгілі бір құбылысқа немесе әлеуметтік тәжірибеге қатысты жүйелі ой-пікірлер жүйесі ретінде көрінеді. Құқықтық ұстанымдар әлеуметтік қатынастардың бір түрі болып, заң шығару, доктриналық және құқық қолдану түрлеріне бөлінеді. Олардың ішіндегі ең күрделісі – сот құқықтық ұстанымдары.

Сот құқықтық ұстанымдары – құқықтық ұстанымдардың бір түрі ретінде қоғамдық қатынастағы құқықтық делдалдық туралы жүйелі ой пікірдің мәндік көріністерін білдіреді. Құқықтық ұстанымдар негізінен тілдік және логикалық талаптарды қатаң сақтай отырып, жазбаша құқықтық құжаттар ретінде ұсынылуы тиіс. Сонымен қатар, сот ұстанымы прагматикалық сөйлеу стандарттарына, қоғамдық қатынастарға ықпал ету мүмкіндігіне және ниеттің айқындылығына сәйкес келуі қажет. Сот ұстанымының сапасы оның нақтылығы мен тілдік стиліне тәуелді.

Сот құқықтық ұстанымы – сот немесе оның лауазымды тұлғаларының заң нормаларын қолдану негіздемелерін жүйелі мәтін түрінде білдіретін акт. Оларды қалыптастырушы субъектілерге, заңды міндеттілігіне және ұстанымды білдіру тәсіліне қарай жіктеуге болады. Субъектілер ретінде сот шешімдері, сот органдарының ресми құжаттары, соның ішінде ақпараттық хаттар мен сот практикасына шолулар қарастырылады. Бұл жіктеу құқықтық ұстанымдардың қайнар көзін, олардың құқықтық реттеудегі орнын анықтауға мүмкіндік береді.

Құқықтық ұстанымдардың заңды міндеттілігіне байланысты ресми және бейресми түрлері бөлінеді. Ресми ұстанымдар міндетті құқықтық салдар туғызса, бейресми ұстанымдар сот практикасына әсер ететін, бірақ міндетті құқық көзі бола бермейтін пікірлер болып табылады.

Ұстанымды білдіру тәсілдері бойынша соттың шешімдері, төралқа қаулылары, ақпараттық хаттар және ғылыми-практикалық түсініктемелер сияқты әртүрлі формалар бар. Субъектілерге қарай соттың жеке ұстанымдары, судьяның ерекше пікірі, типтік және алқалық ұстанымдар ажыратылады. Судьяның ерекше пікірі – заң нормаларын түсіндіру бойынша ресми шешімге қосымша, ер-

кін баяндалатын құқықтық ұстаным түрі болып табылады.

Типтік құқықтық ұстанымдар – жергілікті соттардың ұқсас құқықтық бағалары негізінде қалыптасатын, бірыңғай сот практикасын қамтамасыз ететін қайталанатын шешімдер жиынтығы. Алайда олар бір-бірімен қайшы келуі немесе әртүрлі жағдайларды әрқалай бағалауы мүмкін, бұл сот практикасының гетерогенділігін туындатады және заңдылыққа қайшы келеді.

Алқалық ұстанымдар – Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Пленумы, Президиумы мен алқаларының тиісті құзыреттерімен қалыптасатын құқықтық ұстанымдар. Олар сот практикасын зерттеу, жалпылау және үйлестіру қызметін атқарады. Бұл ұстанымдар қаулы, шолу, ақпараттық хаттар сияқты ресми құжаттарда жарияланады.

Соттардың ұсынымдық құқықтық ұстанымдары – құқықтық нормаларды түсіндіру мен қолданудағы ұсыныстар болып, олар соттардың нақты іс жүргізу шешімдерімен тікелей байланысты болмауы мүмкін. Мұндай ұстанымдарға судьялар кеңесінің ұстанымдары, ғылыми және ғылыми-практикалық басылымдардағы түсініктемелер, дөңгелек үстелдер мен жұмыс топтарының қорытындылары жатады.

Сот-құқықтық ұстанымдар ұғымын кеңінен қарастырғанда, олар тек сот шешімдері мен судьяның ерекше пікірімен шектелмейді. Оған сот практикасына шолулар, ақпараттық хаттар және ресми жарияланымдар кіреді, олар құқықтық реттеуде маңызды рөл атқарады. Осыған орай, «сот-құқықтық позициялар» ұғымы «соттардың құқықтық ұстанымдары» ұғымынан кеңірек болып табылады.

Осылайша, соттардың құқықтық ұстанымдарын зерттеу олардың құқықтық мәртебесін, сот практикасындағы рөлін анықтауда әрі қарай дамытуды қажет етеді.

Қорытынды

Қорытындылай келгенде, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының құқықтық ұстанымдары ұлттық құқықтық жүйенің ажырамас әрі маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Олар сот тәжірибесінде заң нормаларын бірізді және тиімді қолдануға ықпал етіп, құқықтық анықтық пен болжамдылықты қамтама-

сыз етеді. Жоғарғы Сот қалыптастыратын құқықтық ұстанымдар сот төрелігі процесінде соттардың бірыңғай және дәйекті құқықтық позицияны ұстануына жағдай жасайды. Мұндай ұстанымдардың негізгі сипаттары – олардың заңды негізге сүйенуі, міндеттілік дәрежесі, құқықтық тұрақтылықты қамтамасыз етуі және нормативтік құқықтық актілерді нақты-

лап, толықтырушы рөл атқаруы. Жоғарғы Соттың құқықтық ұстанымдарын одан әрі жетілдіру және жүйелеу құқықтық тұрғыдан реттеудің тиімділігін арттырады. Сот шешімдерінің сапасын жақсартуға, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың тетіктерін жетілдіруге, сол сияқты құқық үстемдігін орнықтыруға айтарлықтай үлес қосады.

Әдебиеттің тізімі:

1. Витрук Н.В. Конституционное правосудие. Судебно-конституционное право и процесс: учеб. пособие. 3-е изд., перераб. и доп. М.: Норма: ИНФРА-М, 2010. 592 с.
2. Кряжкова О.Н. Правовые позиции Конституционного Суда Российской Федерации: вопросы теории и практики. Дис. ... канд. юрид. наук: 12.00.02. М., 2004. 215 с.
3. Волкова Н.С., Хабриева Т.Я. Правовые позиции Конституционного Суда Российской Федерации и парламент / Ин-т законодательства и сравн. правоведения при Правительстве РФ. М.: Норма, 2005. 175 с.
4. Кажлаев С.А. Генезис и способы универсализации правовых позиций Конституционного Суда Российской Федерации. Дис. ... канд. юрид. наук: 12.00.02. М., 2006. 199 с.
5. Баранов В.М., Степанков В.Г. Правовая позиция как общетеоретический феномен. Н. Новгород: Наука, 2003. 132 с.
6. Тихомиров Ю.А. Коллизионное право. Учебное и научно-практическое пособие. М., 2000. 394 с. Режим доступа: <http://lawlibrary.ru/izdanie37004.html> (дата обращения: 20.06.2025).
7. Туманов В.А. Европейский Суд по правам человека. Очерк организации и деятельности. М.: Норма, 2001. 304 с. Режим доступа: <http://lawlibrary.ru/izdanie38962.html> (дата обращения: 20.06.2025).
8. Федеральный конституционный закон «О Конституционном Суде РФ». Комментарии / Аметистов Э.М., Витрук Н.В., Гаджиев Г.А., Иванова Р.И., и др.; Отв. ред.: Витрук Н.В., Лазарев Л.В., Эбзеев Б.С. М.: Юрид. лит., 1996. 352 с.
9. Лазарев Л.В. Конституционный Суд России и развитие конституционного права // Журнал российского права. 1997. № 11. С. 3-13.
10. Конституционный судебный процесс: учебник для бакалавриата, специалитета, магистратуры / отв. ред. М.С. Саликов. 4-е изд., перераб. и доп. 2023. 392 с. Режим доступа: <https://norma-verlag.com/book/16652> (дата обращения: 20.06.2025).
11. Кряжков В.А. Конституционное правосудие в субъектах Российской Федерации (правовые основы и практика). М.: Формула права, 1999. 768 с. Режим доступа: <http://lawlibrary.ru/izdanie22371.html> (дата обращения: 20.06.2025).
12. Анишина В.И. Правовые позиции Конституционного Суда России // Российская юстиция. 2000. № 7. С. 11-12.
13. Николаев Е.А. Правовые позиции Конституционного Суда Российской Федерации: определение, юридическая природа, имплементация в правовую систему // Право и политика. 2002. № 3. С. 15-31.
14. Витрук Н.В. Правовые позиции Конституционного Суда Российской Федерации: понятие, природа, юридическая сила и значение // Конституционное правосудие в посткоммунистических странах. Сборник докладов. М.: Изд-во Центра Конституц. исслед. МОНФ, 1999. С. 88-105. Режим доступа: <http://lawlibrary.ru/article1124858.html> (дата обращения: 20.06.2025).
15. Страшун Б. Решения Конституционного Суда Российской Федерации как источник права // Конституционное правосудие: Вестн. Конф. органов конституционного контроля стран молодой демократии. 2001-2002. № 4-1. С. 144. Режим доступа: [https://www.concourt.am/pdf/uploads/62c81d578d5d9_4\(14\)%202001-1\(15\)%202002.pdf](https://www.concourt.am/pdf/uploads/62c81d578d5d9_4(14)%202001-1(15)%202002.pdf) (дата обращения: 20.06.2025).
16. Бондарь Н.С. Конституция, конституционный контроль и социальные противоречия современного общества // Журнал российского права. 2003. № 11. Режим доступа: <https://base.garant.ru/4088984/> (дата обращения: 20.06.2025).
17. Власенко Л.В. Налоговые правовые позиции судов: теория и практика. М.: Инфра-М, 2011. 160 с. Режим доступа: https://www.ibooks.ru/products/24610?category_id=13259 (дата обращения: 20.06.2025).
18. Краткая философская энциклопедия / под ред. Е.Ф. Губского и др. М., 1994. С. 575. Режим доступа: <https://www.encyclopedia.ru/cat/books/book/8897/> (дата обращения: 20.06.2025).
19. Карташов В.Н. Теория правовой системы общества: учебное пособие. В 2 т. Т. I. Яросл. гос. ун-т. Ярославль: ЯрГУ, 2005. 547 с. Режим доступа: <http://www.lib.uniya.ac.ru/edocs/iuni/20050907.pdf> (дата обращения: 20.06.2025).
20. Философский энциклопедический словарь / под ред. А.М. Прохорова. М., 1983. 278 с.
21. Abdrasulov E., Bazhay K. et al. Doctrinal interpretation of the limits of constitutional and legal regulation of public relations in social regulations // Rivista di Studi sulla Sostenibilita. 2023. Vol. 13, Issue 1. P. 15-28.

22. Абдрасулов Е.Б. Конституционные основы законодательного и подзаконного регулирования в Республике Казахстан: практические вопросы и доктринальное толкование // Вестник СПбГУ. Право. 2022. Т.13. Вып.4. Режим доступа: <https://cyberleninka.ru/article/n/konstitutsionnyye-osnovy-zakonodatelnogo-i-podzakonnogo-regulirovaniya-v-respublike-kazahstan-prakticheskie-voprosyi-doktrinalnoe-tolkovanie> (дата обращения: 20.06.2025).

© Б. Ахмет¹, Х. Бажай², 2026

^{1,2} Северо-Казакстанский университет имени М. Козыбаева, Петропавловск, Казакстан
(e-mail: ¹bekaahmetova@gmail.com; ²huandagbazhay@gmail.com)

ЗНАЧЕНИЕ И ПРАВОВЫЕ ПРИЗНАКИ ПРАВОВЫХ ПОЗИЦИЙ ВЕРХОВНОГО СУДА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Аннотация. В статье всесторонне рассматриваются сущность, правовая природа, механизмы формирования и место правовых позиций Верховного Суда Республики Казахстан в правовой системе. Правовые позиции Верховного Суда охарактеризованы как важный правовой феномен, обеспечивающий единообразие судебной практики на основе применения и толкования норм права. Автор выделяет основные признаки правовых позиций: нормативную обоснованность, обязательность, универсальность применения, стабильность и восполняющий характер по отношению к нормативным актам. В исследовании применены юридический, теоретико-правовой и сравнительно-правовой методы; опыт судов Казахстана и Российской Федерации рассмотрен в сопоставительном контексте. Раскрываются классификация и виды правовых позиций, а также формы их выражения в судебных решениях, нормативных постановлениях, информационных письмах и особых мнениях судей. Кроме того, анализируется роль правовых позиций в сфере доктрины, нормотворчества и правоприменения. Особое внимание уделено значению правовых позиций не только как инструмента правоприменения, но и как механизма систематизации правовых идей и усовершенствования законодательства. Автор также рассматривает логические, лингвистические и философские аспекты правовых позиций, обосновывая их влияние на принятие правовых решений. Подчеркивается, что систематизация и развитие правовых позиций Верховного Суда вносят существенный вклад в повышение качества судебной практики и укрепление верховенства права.

Ключевые слова: правовая позиция; судебная практика; нормативное постановление; правосудие; правовая стабильность; сравнительное право; доктринальные позиции; толкование законодательства; особое мнение судьи; судебные решения.

© B. Akhmet¹, Kh. Bazhay², 2026

^{1,2} M. Kozybayev North Kazakhstan University, Petropavl, Kazakhstan
(e-mail: ¹bekaahmetova@gmail.com; ²huandagbazhay@gmail.com)

THE MEANING AND LEGAL CHARACTERISTICS OF THE LEGAL POSITIONS OF THE SUPREME COURT OF THE REPUBLIC KAZAKHSTAN

Abstract. This article provides a comprehensive examination of the essence, legal nature, mechanisms of formation, and the role of the legal positions of the Supreme Court of the Republic of Kazakhstan within the legal system. The legal positions of the Supreme Court are characterized as a significant legal phenomenon that ensures the uniformity of judicial practice through the application and interpretation of legal norms. The author highlights the main features of legal positions: normative foundation, binding force, universal applicability, stability, and their supplementary nature to normative acts. The study employs legal, theoretical-legal, and comparative methods, analyzing the practices of the courts of Kazakhstan and the Russian Federation in a comparative context. The classification and types of legal positions are discussed, along with their manifestations in judicial decisions, normative resolutions, information letters, and judges' dissenting opinions. The article also explores the role of legal positions in doctrinal, law-making, and law enforcement spheres. Emphasis is placed on the importance of legal positions not only as tools of law enforcement but also as mechanisms for systematizing legal ideas and improving legislation. The author analyzes the logical, linguistic, and philosophical aspects of legal positions, substantiating their impact on legal decision-making. It is emphasized that the systematization and development of the Supreme Court's legal positions make a significant contribution to improving the quality of judicial practice and strengthening the rule of law.

Keywords: Supreme legal position; judicial practice; normative resolution; administration of justice; legal stability; comparative law; doctrinal positions; interpretation of legislation; judge's dissenting opinion; court decisions.

References:

1. Vitruk N.V. Konstitucionnoe pravosudie. Sudebno-konstitucionnoe pravo i process: ucheb. Posobie. 3-e izd., pererab. i dop. M.: Norma: INFRA-M, 2010. 592 s.

2. Krjazhkova O.N. Pravovye pozicii konstitucionnogo suda Rossijskoj Federacii: voprosy teorii i praktiki. Dis. ... kand. jurid. nauk: 12.00.02. M., 2004. 215 c.
3. Volkova N.S., Habrieva T.Ja. Pravovye pozicii Konstitucionnogo Suda Rossijskoj Federacii i parlament / In-t zakonodatel'stva i sravn. pravovedeniya pri Pravitel'stve RF. M.: Norma, 2005. 175 s.
4. Kazhlaev S.A. Genezis i sposoby universalizacii pravovyh pozicij Konstitucionnogo Suda Rossijskoj Federacii. Dis. ... kand. jurid. nauk: 12.00.02. M., 2006. 199 c.
5. Baranov V.M., Stepankov V.G. Pravovaja pozicija kak obshheteoreticheskij fenomen. N. Novgorod: Nauka, 2003. 132 s.
6. Tihomirov Ju.A. Kollizionnoe pravo. Uchebnoe i nauchno-prakticheskoe posobie. M., 2000. 394 c. Rezhim dostupa: <http://lawlibrary.ru/izdanie37004.html> (data obrashhenija: 20.06.2025).
7. Tumanov V.A. Evropejskij Sud po pravam cheloveka. Oчерк organizacii i dejatel'nosti. M.: Norma, 2001. 304 c. Rezhim dostupa: <http://lawlibrary.ru/izdanie38962.html> (data obrashhenija: 20.06.2025).
8. Federal'nyj konstitucionnyj zakon «O Konstitucionnom Sude RF». Kommentarii / Ametistov Je.M., Vitruk N.V., Gadzhiev G.A., Ivanova R.I., i dr.; Otv. red.: Vitruk N.V., Lazarev L.V., Jebzeev B.S. M.: Jurid. lit., 1996. 352 c.
9. Lazarev L.V. Konstitucionnyj Sud Rossii i razvitie konstitucionnogo prava // Zhurnal rossijskogo prava. 1997. № 11. S. 3-13.
10. Konstitucionnyj sudebnyj process: uchebnik dlja bakalavriata, specialiteta, magistratury / otv. red. M.S. Salikov. 4-e izd., pererab. i dop. 2023. 392 s. Rezhim dostupa: <https://norma-verlag.com/book/16652> (data obrashhenija: 20.06.2025).
11. Krjazhkov V.A. Konstitucionnoe pravosudie v subyektah Rossijskoj Federacii (pravovye osnovy i praktika). M.: Formula prava, 1999. 768 c. Rezhim dostupa: <http://lawlibrary.ru/izdanie22371.html> (data obrashhenija: 20.06.2025).
12. Anishina V.I. Pravovye pozicii Konstitucionnogo Suda Rossii // Rossijskaja justicija. 2000. № 7. S. 11-12.
13. Nikolaev E. A. Pravovye pozicii Konstitucionnogo Suda Rossijskoj Federacii: opredelenie, juridicheskaja priroda, implementacija v pravovuju sistemu // Pravo i politika. 2002. № 3. S. 15-31.
14. Vitruk N.V. Pravovye pozicii Konstitucionnogo Suda Rossijskoj Federacii: ponjatie, priroda, juridicheskaja sila i znachenie // Konstitucionnoe pravosudie v postkommunisticheskix stranah. Sbornik dokladov. M.: Izd-vo Centra Konstituc. issled. MONF, 1999. S. 88-105. Rezhim dostupa: <http://lawlibrary.ru/article1124858.html> (data obrashhenija: 20.06.2025).
15. Strashun B. Reshenija Konstitucionnogo Suda Rossijskoj Federacii kak istochnik prava // Konstitucionnoe Pravosudie: vestn. Konf. organov konstitucionnogo kontrolja stran molodoj demokratii. 2001-2002. № 4-1. S. 144. Rezhim dostupa: [https://www.concourt.am/pdf/uploads/62c81d578d5d9_4\(14\)%202001-1\(15\)%202002.pdf](https://www.concourt.am/pdf/uploads/62c81d578d5d9_4(14)%202001-1(15)%202002.pdf) (data obrashhenija: 20.06.2025).
16. Bondar' N.S. Konstitucija, konstitucionnyj kontrol' i social'nye protivorechija sovremennogo obshhestva // Zhurnal rossijskogo prava. 2003. № 11. Rezhim dostupa: <https://base.garant.ru/4088984/> (data obrashhenija: 20.06.2025).
17. Vlasenko L.V. Nalogovye pravovye pozicii sudov: teorija i praktika / L.V. Vlasenko. M.: Infra-M, 2011. 160 s. Rezhim dostupa: https://www.ibooks.ru/products/24610?category_id=13259 (data obrashhenija: 20.06.2025).
18. Kratkaja filosofskaja jenciklopedija / pod red. E. F. Gubskogo i dr. M., 1994. S. 575. Rezhim dostupa: <https://www.encyclopedia.ru/cat/books/book/8897/> (data obrashhenija: 20.06.2025).
19. Kartashov, V.N. Teorija pravovoj sistemy obshhestva: uchebnoe posobie. V 2 t. T.I. Jarosl. gos. un-t. Jaroslavl': JarGU, 2005. 547 s. Rezhim dostupa: <http://www.lib.uniya.ac.ru/edocs/iuni/20050907.pdf> (data obrashhenija: 20.06.2025).
20. Filosofskij jenciklopedicheskij slovar' / pod red. A. M. Prohorova. M. 1983. 278 c.
21. Abdrasulov E., Bazhay K. et al. Doctrinal interpretation of the limits of constitutional and legal regulation of public relations in social regulations // Rivista di Studi sulla Sostenibilita. 2023. Vol. 13, Issue 1. P.15-28.
22. Abdrasulov E.B. Konstitucionnye osnovy zakonodatel'nogo i podzakonnogo regulirovanija v Respublike Kazahstan: prakticheskie voprosy i doktrinal'noe tolkovanie // Vestnik SpbGU. Pravo. 2022. T.13. Vyp.4. Rezhim dostupa: <https://cyberleninka.ru/article/n/konstitucionnye-osnovy-zakonodatel'nogo-i-podzakonnogo-regulirovaniya-v-respublike-kazahstan-prakticheskie-voprosyi-doktrinalnoe> (data obrashhenija: 20.06.2025).

Авторлар туралы мәліметтер:

Ахмет Бергенгул - хат-хабарларға арналған автор, заң ғылымдарының магистры, М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің Қазақстан тарихы және құқық кафедрасының аға оқытушысы, Пушкин көшесі, 86, 150000, Петропавл, Қазақстан.

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8306-0708>;

Scopus Author ID: 58885502700;

E-mail: bekaahmetova@gmail.com.

Бажай Хуандаг - философия докторы (PhD), М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің Қазақстан тарихы және құқық кафедрасының аға оқытушысы, Пушкин көшесі, 86, 150000, Петропавл, Қазақстан.

ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0001-8363-3206>;

Scopus Author ID: 58884862000;
E - mail: huandagbazhay@gmail.com.

Алғыс. Авторлар сарапшылық пікірі мен сындарлы көзқарасы үшін рецензенттерге алғыс білдіреді.

Дәйексөз келтіру үшін. Ахмет Б., Бажай Х. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының құқықтық ұстанымдарының мәні, құқықтық белгілері // Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институтының Жаршысы. Ғылыми-құқықтық журнал. 2026;81(1): 39-50. DOI – [https:// doi.org/10.52026/2788-5291_2026_81_1_39](https://doi.org/10.52026/2788-5291_2026_81_1_39).

Авторлардың қосқан үлесі:

Ахмет Б.- материалдар мен әдістер, талдаулар, нәтижелер мен талқылау;

Бажай Х. - кіріспе, қорытынды, әдебиеттерді рәсімдеу, транслитерация.

Мүдделер қақтығысы туралы ақпарат. Авторлар мүдделер қақтығысының жоқтығын туралы мәлімдейді.

Қаржыландыру көзі. Авторлар зерттеу жүргізу кезінде қаржыландырудың жоқтығын туралы мәлімдейді.

Мақала редакцияға келіп түсті: 20.11.2025; рецензиялаудан кейін келіп түсті: 06.01.2026; басып шығаруға қабылданды: 31.03.2026.

Авторлар қолжазбаның соңғы нұсқасын оқып, мақұлдады.

Сведения об авторах:

Ахмет Бергенгул - автор для корреспонденции, магистр юридических наук, старший преподаватель кафедры истории Казахстана и права Северо-Казакстанского университета имени М. Козыбаева, улица Пушкина, 86, 150000, Петропавловск, Казахстан.

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8306-0708>;

Scopus Author ID: 58885502700;

E-mail: bekaahmetova@gmail.com.

Бажай Хуандаг - доктор философии (PhD), старший преподаватель кафедры истории Казахстана и права Северо-Казакстанского университета имени М. Козыбаева, улица Пушкина, 86, 150000, Петропавловск, Казахстан.

ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0001-8363-3206>;

Scopus Author ID: 58884862000;

E-mail: huandagbazhay@gmail.com.

Благодарности. Авторы выражают благодарность рецензентам за экспертное мнение и конструктивный подход.

Для цитирования. Ахмет Б., Бажай Х. Значение и правовые признаки правовых позиций Верховного Суда Республики Казахстан // Вестник Института законодательства и правовой информации Республики Казахстан. Научно-правовой журнал. 2026;81(1): 39-50. DOI – [https:// doi.org/10.52026/2788-5291_2026_81_1_39](https://doi.org/10.52026/2788-5291_2026_81_1_39).

Вклад авторов:

Ахмет Б. - материалы и методы, анализы, результаты и обсуждение;

Бажай Х. - введение, заключение, оформление списка литературы, транслитерация.

Информация о конфликте интересов. Авторы заявляют об отсутствии конфликта интересов.

Источник финансирования. Авторы заявляют об отсутствии финансирования при проведении исследования.

Статья поступила в редакцию: 20.11.2025; поступила после рецензирования: 06.01.2026; принята в печать: 31.03.2026.

Авторы прочитали и одобрили окончательный вариант рукописи.

Information about authors:

Akhmet Bergengul - corresponding authors, Master of Law Degree, Senior Lecturer of the Department of History of Kazakhstan and Law M.Kozybayev North Kazakhstan University, 86, Pushkin Street, 150000, Petropavl, Kazakhstan.

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8306-0708>;
Scopus Author ID: 58885502700;
E-mail: bekaahmetova@gmail.com.

Bazhay Khuandag - PhD, Senior Lecturer of the Department of "History of Kazakhstan and Law"
M. Kozybayev North Kazakhstan University, 86, Pushkin Street, 150000, Petropavl, Kazakhstan.

ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0001-8363-3206>;
Scopus Author ID: 58884862000;
E-mail: huandagbazhay@gmail.com.

Acknowledgements. The authors would like to express their gratitude to the reviewers for their expert opinions and constructive feedback.

For citation: Akhmet B., Bazhay Kh. The meaning and legal characteristics of the legal positions of the Supreme Court of the Republic Kazakhstan // Bulletin of Institute of Legislation and Legal Information of the Republic of Kazakhstan. Scientific and legal journal. 2026;81(1): 39-50. DOI – https://doi.org/10.52026/2788-5291_2026_81_1_39.

Contribution of the authors:

Akhmet B.- materials and methods, analyses, results and discussion;

Bazhay Kh. - introduction, conclusion, reference formatting, transliteration.

Conflict of interest statement. The authors declares that there is no conflict of interest.

Funding. The autors received no specific funding for this work.

Received: 20.11.2025; revised: 06.01.2026; accepted for publication: 31.03.2026.

The authors has read and approved the final manuscript.